

«ОҚМА» АҚ БАКАЛАВРИАТҚА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

"ОҚМА" АҚ түсетін тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

"ОҚМА" АҚ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл жинаған адамдар, «Өндірістік және өндеу салалары» білім беру саласы бойынша – кемінде 50 балл жинаған адамдар жіберіледі. Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні бойынша емтиханнан кемінде 5 балл алу қажет.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсетін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысуға ниет білдірген адамдар ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде жалпы кәсіптік пән бойынша кемінде 5 балл және арнайы пән бойынша кемінде 5 балл жинауы қажет.

"ОҚМА" АҚ орта буын маманы немесе қолданбалы бакалавр біліктілігімен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша, ақылы оқуға түсетін тұлғаларды қабылдауды ЖОО -ның қабылдау комиссиясы тестілеу нәтижелері бойынша жүргізеді. "Фармация" білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау үшін - химия және фармакология негіздері; "Мейіргер ісі" білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау үшін - биология және мейірбике ісі негіздері пәндерінен тестілеу түріндегі емтихандар өткізіледі. Шект балл - 50 тесттің жалпы санынан кемінде 25, оның ішінде әр пән бойынша кемінде 5 балл.

Шетел азаматтарын ақылы негізде "ОҚМА" АҚ оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу/тестілеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Екі дипломды білім беру бағдарламасына тұлғаларды қабылдау конкурстық негізде әңгімелесу өткізу арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте оқыту тілін білуі және алдыңғы білім деңгейі бойынша үлгерімнің орташа балы ескеріледі.

"ОҚМА" АҚ түсетін тұлғаларды қабылдау "Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат балдарына сәйкес конкурстық негізде олардың өтініштері және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар электрондық сертификат бойынша жүзеге асырылады. Ұлттық тестілеу нәтижелері Ұлттық тестілеу орталығының сайтында ресми расталады және жарияланады.

"ОҚМА" АҚ ЖОО басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. ЖОО басшысы қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады. ЖОО басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

ПРОЦЕСТІҢ СИПАТТАМАСЫ

Арнаулы емтиханды қабылдау және өткізу тәртібі

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" ("Медицина", "Стоматология", "Педиатрия", "Мейіргер ісі") білім беру саласы бойынша оқуға қабылдау арнаулы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Арнаулы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін ЖОО ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның шешімімен емтихан өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссия құрамына профессорлық-оқытушылық құрамның өкілдері кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады және Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссия төрағасы сайланады. Комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып есептеледі. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Арнаулы емтихан тапсыру үшін арнайы дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша түсуші адамдар ЖОО-ның қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 2) 3×4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" білім беру саласы бойынша арнаулы емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 тамызына дейін жүзеге асырылады.

"ОҚМА" АҚ-ға түсетін тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша "ОҚМА" АҚ-ға қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсетін адамдар үшін жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

Арнаулы емтиханды өткізу бағдарламаларын ЖОО әзірлейді және ЖОО-ның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Арнаулы емтиханның кестесін (емтиханды өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты және орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі.

Арнаулы емтихандар академияның веб-сайты арқылы онлайн режимінде немесе оффлайн режимде компьютерлі-тестілеу және баспа орталығында өткізіледі.

Арнаулы емтихан басталғанға дейін ЖОО-ның сайтында өткізу тәртібі; емтиханның басталу және аяқталу уақыты; емтиханға өтініш беру рәсімі орналастырылады.

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілер үшін арнайы емтихан "рұқсат беру" немесе "рұқсат бермеу" нысанында бағаланады.

Арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосімен еркін нысандағы комиссия хаттамасымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына беріледі.

Арнаулы емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" білім беру саласы бойынша арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге қабылдау орны бойынша ЖОО-ға ұсыну үшін рұқсат беру ведомосінен үзінді беріледі.

Емтихандарды өткізу кезеңінде арнаулы емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, емтихан тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында ЖОО басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, оның құрамы төрағасын қоса алғанда, мүшелердің тақ санынан тұрады.

Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы

емтихан тапсырған адамның жеке өзіне беріледі, арнаулы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып есептеледі. Арнаулы емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен барлық қатысқан Комиссия мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Арнаулы емтихан аяқталған күні арнаулы емтиханның нәтижелері республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға ЖОО-ға қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне беріледі.

Қабылдау тәртібі

"ОҚМА" АҚ оқуға түсушілерді қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10-25 тамыз аралығында ЖОО басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүргізіледі.

Жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу есебінен білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын таңдайды.

"ОҚМА" АҚ қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге (қабылдау комиссиясы арқылы) немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 1 – қосымшаға сәйкес "Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі-Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш түскен күні жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының

"жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар келіп түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол электрондық құжат нысанында өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіге ЖОО-ға қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге күнтізбелік жылдың 10-25 тамыз аралығында құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ЖОО ректоры көрсетілетін қызметті алушыны "ОҚМА" АҚ студенттері қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Оқуға түсушілерді "ОҚМА" АҚ қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10-25 тамыз аралығында қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде, ЖОО ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен жүргізіледі.

Орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балл жинамаған адамдар

(ҰБТ нәтижелері бойынша) ЖОО-ға ақылы негізде қабылданады. ЖОО-да академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы адамдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына (бұдан әрі – № 204 бұйрық) сәйкес белгіленген мерзімде жыл ішінде ҰБТ-ны қайта тапсырады.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген ЖОО-ға қабылдау туралы өтініш береді және ЖОО ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасасады.

Ағымдағы жылы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, №204 бұйрыққа сәйкес белгіленген мерзімде ҰБТ тапсырған және осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балл алған тұлғалар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғанға дейін ЖОО басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның атына ақылы негізде ЖОО-ға қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сыныптарының білім алушылары күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 25 тамызына дейінгі кезеңде жалпы орта білім туралы құжатты алғанға дейін ЖОО басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның атына ақылы негізде ЖОО-ға қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғаннан кейін түсушілер осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

Осы Қағиданың көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

ЖОО-ға қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары және тіл бөлімдері бойынша бөлек жүргізіледі.

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша қабылдау арнайы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі.

Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, оқуға түсуші құжаттардың қарауда екендігі туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде ЖОО студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азамат қабылданғанға дейін төлеуге жататын соманы төлеу бойынша білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған сәттен бастап 4 (төрт)

аптадан аспайтын мерзімге кейінге қалдыру беріледі.

Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

Қосымша 1

"Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ («ОҚМА» АҚ) – (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде 1 жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық және (немесе) қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі құжаттарды қабылдау туралы қолхат және ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы бұйрық беру болып табылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде. Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру

		ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келеді.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7.	Жұмыс графигі	<p>Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет орындарының мекен-жайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Министрліктің интернет-ресурсында: www.edu.gov.kz; 2) порталда: www.egov.kz орналастырылған.
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі	<p>көрсетілетін қызметті алушы ЖЖОКБҰ-ға өтініш жасаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш; 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта

білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжатын (төлнұсқа);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;

5) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) 086-У нысанындағы электронды форматта медициналық анықтаманы;

6) ҰБТ сертификатын;

7) ведомостан үзіндіні (арнаулы дайындықты талап ететін "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

8) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлікті қоса береді.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары - көрсетілетін қызметті алушылар артықшылықты құқық және квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған

	<p>және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін:</p> <ol style="list-style-type: none">1) еңбек кітапшасы (төлнұсқа салыстыру үшін көрсетіледі);2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);3) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманы;4) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелері және әлеуметтік төлемдер жүргізілгені туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;5) мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шартын;б) еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзіндіні;7) жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзіндіні қоса береді. <p>Осы 1) тармақшада көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.</p> <p>көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы өтініш жасаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none">1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;2) жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);3) 3x4 көлеміндегі сандық фото;4) № 907 бұйрығымен бекітілген 086-У нысаны
--	---

		<p>бойынша электрондық форматта медициналық анықтама;</p> <p>5) ҰБТ электрондық сертификаты;</p> <p>6) білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы мәліметтерді, медициналық анықтама, ҰБТ электрондық сертификаты және білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік (ақпараттық жүйелерде болған жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпараттық жүйе арқылы алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы порталда "жеке кабинетінде" ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге күнтізбелік жылдың 10-25 тамыз аралығында құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.</p>
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін толық емес құжаттар топтамасын ұсынған;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын белгіленген мерзімнен кеш ұсынған жағдайда.</p>
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут</p>

<p>көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>(практиканы ескере отырып). Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz және бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8-800-080-7777.</p>
---	---